

«ТҰРАН»  
УНИВЕРСИТЕТІ»  
МЕКЕМЕСІ



УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УНИВЕРСИТЕТ  
«ТУРАН»



«БЕКІТЕМІН»

Ректор

«Тұран» университеті  
Алшанов Р.А.

«15» 11 2022 ж.

Қаралды

Ғылыми кеңестің отырысында  
№ 6 Хаттама 15.11.2022 ж.

## «EURASIAN SCIENTIFIC JOURNAL OF LAW» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Журналдың редакциялық саясатының негізгі принциптері

«Eurasian scientific journal of law» – құқық саласының дамуы мәселелеріне арналған ғылыми мақалаларды жариялайтын ғылыми журнал. Журнал төрт ғылыми-зерттеу бағыты бойынша материалдар қабылдайды: мемлекеттік құқық және басқару; азаматтық құқық, азаматтық процесс; қылмыстық құқық, қылмыстық процесс; халықаралық және салыстырмалы құқық.

Журналдың редакциялық алқасы, рецензенттері мен авторлары ғылыми және жарияланымдық этиканың жоғары стандарттарын ұстануға ұмтылады: редакция мен авторлар арасындағы өзара әрекеттің ашықтығы, журналға келіп түскен барлық мақалалардың тәуелсіз сарапшылар немесе редакциялық алқа мүшелері тарапынан міндетті түрде рецензиялануы, жарияланымдарға еркін қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Редакциялық алқа кәсібилік, объективтілік, ғылыми нақтылық және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алады. Авторлар, редакциялық алқа мүшелері мен бас редактор ғылыми мақалаларды дайындау және ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында тиісті этикалық міндеттемелерді орындайды.

Журналдың миссиясы – құқық саласындағы мамандардың іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін ашық алмасуға арналған ғылыми алаң құру, ғылыми және тәжірибелік жетістіктерді жинақтау, ғылыми мерзімді басылымдар жүйесін дамыту және олардың халықаралық ғылыми-ақпараттық кеңістіктегі үлесін кеңейту.

«Eurasian scientific journal of law» журналы:

а) ғылыми-кәсіби қауымдастық ішінде белсенді әрі тиімді коммуникацияны дамытуға, пікір алмасуға және ғылыми жұмыстардың сапасын арттыруға ықпал ететін ашық пікір алаңын құруға бағытталған;

б) ғылым мен практиканың жақындасуына, ғылыми зерттеулер нәтижелерін басқару іс-әрекетінде және әлеуметтік мәселелерді шешуде қолдану мүмкіндіктерін іздеуге жәрдемдеседі;

в) халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, қазақстандық авторлардың ғылыми нәтижелерін халықаралық кәсіби қауымдастықта ілгерілету мен таратуға ұмтылады.

«Eurasian scientific journal of law» журналы келесі негізгі редакциялық саясат қағидаттарына сәйкес жұмыс істейді. Журналға келіп түскен материалдар:

1) жалпы мазмұндық талаптарға, библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу талаптарына және журналдың ғылыми бағытына сәйкестік бойынша алғашқы іріктеуден өтеді;

2) «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеріледі.

Мақаланы жариялауға арналған редакциялық дайындық міндетті болып табылады және ол әдеби, стилистикалық және техникалық редакциялауды, сондай-ақ мақала рәсімдеу мен жариялау стандарттарының сақталуын бақылауды қамтиды. Редакция авторлармен пікірталасқа түспейді.

Конституциялық құқық нормаларына қарсы келетін мәтіндер жарияланбайды.

Редакция келіп түскен материалдарға өзгерістер енгізуге, қысқартуға, тақырыпқа сәйкес келмейтін немесе дұрыс рәсімделмеген қолжазбаларды кері қайтаруға құқылы, бұл ретте редакциялық этика ережелері сақталады.

Мақалаларды жариялау немесе кері қайтару туралы шешімді редакциялық алқа қабылдайды.

Автор мақаланы редакцияға жолдай отырып, оны «Eurasian scientific journal of law» журналында жариялауға және мәтінді рецензенттерге ұсынуға келісімін білдіреді.

Журнал – ашық қолжетімді басылым: барлық пайдаланушылар жарияланған материалдарды еркін әрі тегін оқи алады, жүктей алады, көшіре алады және сілтеме жасай алады.

«Eurasian scientific journal of law» журналы 2022 жылдың желтоқсанында негізі қаланған, өз сайты бар <https://esjl.turan-edu.kz>. Журналдың электронды және баспа нұсқалары жылына 4 рет жарық көреді.